

**«6D010200 –Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша PhD докторанты Жүзеев Серікхан Әлханұлының «Қазақ
этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып
мұғалімдерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеу тақырыбы: Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау.

Зерттеудің мақсаты: қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің міндеттері:

– «этнопедагогикалық дәстүрлер» ұғымы мен «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің мәнін анықтау, құрылымын нақтылау;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырларын айқындау;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері.

- *теориялық әдістер:* зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге шолу, жинақтау, салыстыру, талдау, контент-талдау, ассоциациялау, құрылымдау, нақтылау және т.б.; *эмпирикалық әдістер:* диагностикалау, бақылау, сауалнама жүргізу, тестілеу, модельдеу, ойша эксперимент, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін жүйелеу, салыстырмалы талдау, контент-талдау, нәтижелерді математикалық-статистикалық талдау, сараптау.

Негізгі қағидалар:

1. «Этнопедагогикалық дәстүрлер» ұғымының мәні – «ұлттық әдет-ғұрыптар, халықтық сенімдер, ұлттық ойындар, этнографиялық материалдар, халықтық тәлім-тәрбие үлгілері мен көне қолжазбалар негізінде қалыптасқан тәрбие жүйесі» деп тұжырымдалды.

«Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» – бұл ұлттық құндылықтарды, халықтық педагогика мұраларын, дәстүрлі тәрбие жүйесін заманауи бағытта дамыта қолдануға, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-тұлғалық сапалары мен рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдеріс.

«Этнопедагогикалық дәстүрлер» ұғымы мен «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің психологиялық-педагогикалық тұрғыдан нақтыланған мәні мен оның құрылымы қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік негізін жасау базасы болып табылады.

2. Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда тұлғалық, құзыреттілік, этномәдени және интегративті әдіснамалық тұғырлары басшылыққа алынады.

3. Құрылымдық-мазмұндық модель қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мақсаты мен әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын; қажеттілік-ынталандырушылық, эмоционалды-құндылықтық, іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттерінің бірлігін, оған сәйкес даярлау үдерісінің мазмұнын, өлшемдерін, оның төмен, орта, жоғары деңгейлерін құрайды.

4. Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға бағытталып ұсынылатын әдістеменің «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» элективті курс бағдарламасы, «Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлерінің түсіндірме сөздігі» студенттердің ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруға, этноәлеуетін жетілдіруге және этнопедагогикалық дәстүрлер ерекшеліктері туралы кіріктірілген білімдер жүйесін меңгеруіне мүмкіндіктер ашады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

– «этнопедагогикалық дәстүрлер» ұғымы мен «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің мәні анықталып, құрылымы нақтыланды;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары айқындалды;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

– қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесі дайындалды, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен маңыздылығы негіздемесі:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі «этнопедагогикалық дәстүрлер» ұғымы мен «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсінігінің мәні анықталып, құрылымы нақтыланды.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары айқындалды.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесі дайындалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын және ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Президенттің халқына Жолдауларын басшылыққа алуымен сипатталады.

Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдістемесін құрайтын «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» элективті курс бағдарламасы мен «Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлерінің түсіндірме сөздігін» тиімді қолдану және тәжірибеге ендіру үшін «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» мен «Педагогтің кәсіби стандартын» талдау және барлық пәндер бойынша этнопедагогикалық дәстүрлердің ерекшеліктері туралы кіріктірілген білімдер жүйесіне тірек болатын ұғымдарды анықтап алу жүзеге асырылған.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 16 ғылыми еңбек жарық көрді. Оның ішінде 2 мақала Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 10 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында, 1 мақала басқа да ғылыми басылымдарда және 1 көмекші құрал (түсіндірме сөздік) жарияланды.

1. Professional training of future primary school teachers based on Kazakh national identity. Novitas-Royal (Research on Youth and Language) Vol. 18(1), 155–168, 2024. Процентиль -34 <https://doi.org/10.5281/zenodo.11058368> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Makasheva A.P., Jumagulova M.S., Aidarov O., Kassymbekova A.

2. Professional training of future primary school teachers based on ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions. Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 17, Issue 9, (2022) P.3067-3077 Процентиль -36. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i9.8034> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Abuova A., Koishibaev M., Aidarov O., Maigeldiyeva Zh.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығындағы этнопедагогикалық білім маңызы. Халықаралық ғылыми журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3/2, 2020. –Б.175-180. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%.

4. Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың маңызы. Халықаралық ғылыми журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №6/2, 2020. –Б.201-204. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы автор: М.К.Жайлауова

5. Халықтық педагогиканың өзіндік ерекшеліктері: сыры мен сипаты. Халықаралық ғылыми журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №6/2, 2020. –Б.205-208. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы автор: А.Т.Төлебаева

6. Use of ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions of kazakhs in the professional training of future primary class teachers. ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. №1 (78), 2024. –Б.17-26. <https://doi.org/10.26577/JES2024780102> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы автор: М.К.Жайлауова

7. Training of Primary Education teachers taking into account the traditions of pedagogic education in Kazakhstan. Revista Conrado, Recuperado a partir de 20(96), 2024. –P.316-324. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Abuova A., Kydyrbaeva K., Abdibekova O., Suleimenova B.

8. Professional training of future primary school teachers based on kazakh ethnopedagogical traditions. Universidad y sociedad/Have Scientific of the University of Cienfuegos. ISSN: 2218-3620 Volume 16, Number 3, May – Jun, 2024. –P.336-343. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Madibayeva S., Tanybergenova S., Baimaganbetova J.

9. Impact of innovative teaching methods on the quality of higher education based on Kazakh Ethnopedagogy. Universidad y sociedad/Have Scientific of the University of Cienfuegos. ISSN: 2218-3620 Volume 16, Number 4, July-August, 2024. –P.460-467. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Biltekenova G., Madibayeva S., Mukhanova M.

10. Қазақ этнопсихологиялық ерекшеліктері мен этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі. Ясауи университетінің хабаршысы. №4(134). 2024. –Б.489-502. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.137> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы авторлар: Мошқалов А., Жайлауова М.

11. Influence of digitalization on the vocational training of primary school teachers based on Kazakh national features and ethnopedagogical traditions. Revista on line de Política e Gestão Educacional, Araraquara, v.27, 2024. –P.1-16.

e-ISSN: 1519-9029. <https://doi.org/10.22633/rpge.v28i00.19905> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы авторлар: Zhailauova M., Makasheva A., Kydyrbaeva K., Omarova G., Suleimenova B.

12. Қазақстандық студенттердің дәстүрлі және инновациялық құндылықтар трансформациясы: этнопедагогикалық талдау. Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, №4(149), 2024. –Б.142-159. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-142-159> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы авторлар: Мошқалов А., Жайлауова М.

13. Этнопсихология и ее место в системе других наук. Современная психология и педагогика: проблемы и решения: Сб.ст.по матер. XXXIV междунар.науч-практ.конф. №5(33). – Новосибирск: СибАК. 2020. –С.21-27. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%.

14. Теоретические основы этнопедагогической подготовки будущего учителя начальных классов. The I International Scientific and Practical Conference «Current trends in the development of modern scientific thought», September 27-30, 2022. Haifa, Israel. –С.299-304. ISBN – 979-8-88796-810-0. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-85%. Қосалқы авторлар: Жайлауова М.К, Дарибаева С.К, Оразымбетова А.Д.

15. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда этнопедагогикалық салт-дәстүрлерді пайдаланудың ерекшеліктері. Международный научно-исследовательский журнал «Евразийский союз ученых». Часть 1. № 3 (60) 2019. –Б.21-24. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-90%. Қосалқы автор: Жайлауова М.К.

16. Қазақ этнопедагогикалық дәстүрлерінің түсіндірме сөздігі. Көмекші құрал. / Алматы: «Exlibris» ЖШС, 2024. – 114 б. Көмекші құралды жазудағы докторанттың үлесі-80%. Қосалқы автор: Жайлауова М.К.